

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

№138 жалпы орта білім беретін мектеп

**Орыс тілі пәні бірлестігінің
2023-2024 оқу жылындағы
атқарылған жұмыстардың
қорытынды есебі**



Орыс тілі әдістемелік бірлестігінің әдістемелік жұмыс тақырыбы:

«Орыс тілі пәнін оқытуда инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру және шығармашылық қабілетін дамыту»

Мақсаты:

1. Оқушылардың орыс тілі пәні бойынша білім сапасын арттыру;
2. Оқушылардың орыс тіліндегі сөздік қорын молайту;
3. Оқушыларды орыс тілінде сауатты жазуға, орысша дұрыс оқуға үйрету;
4. Орыс тілі пәнін оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдаланып, пәнаралық байланысты нығайту;
5. Орыс тілі пәні бойынша дарынды оқушыларды іріктеп олармен жұмыс жүргізуді қолға алу;

Орыс тілі пәні бірлестігінің мұғалімдері 2023-2024 оқу жылында «Орыс тілі пәнін оқытуда инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру және шығармашылық қабілетін дамыту» тақырыбын басшылыққа ала отырып еңбек етті.

Орыс тілі пәні бойынша әдістемелік бірлестігі педагогикалық кадрларының сандық және сапалық құрамы:

2023-2024 оқу жылында орыс тілі пәні бірлестігінде мамандығы бойынша 8 мұғалім жұмыс жасады. Декреттік демалыста – 3 мұғалім.

Біліктілік санаттары: Педагог зерттеуші-1
Педагог сарапшы-2
Модератор-5
Санатсыз-3

№	Мұғалімнің аты-жөні	Білімі. Бітірген оқу орны	Күндізгі/ Сырт тай бөлімі	Санаты	Еңбек өтілі
1.	Алданазарова Эльмира	Каз ГУ им.С.М.Кирова г.Алматы	күндізгі	Педагог-зерттеуші	41ж.
2.	Атемова Латипа	ЧПИ г.Шымкент	күндізгі	Педагог-модератор	40ж.
3.	Бинашева Мөлдір	Х.А.Яссауи ат.мемлекеттік Халықаралық Қазақ-Түрік университеті	күндізгі	Педагог-сарапшы	22ж.
4.	Пошахаева Жанар	М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті	күндізгі	Педагог	3ж.
5.	Мирзакулова Назира	Шымкент Университеті	күндізгі	Педагог	6 ж.
6.	Алдиева Гулмира	Абай атындағы ҚҰПУ	күндізгі	Педагог-модератор	4 ж.
7.	Бектурганова Күміс	Тараз мемлекеттік педагогикалық институты	күндізгі	Педагог-сарапшы	9 ж.
8.	Медеуова Гулбиханим	ОҚМПУ г.Шымкент	күндізгі	Педагог-модератор	7 ж.

2023-2024 оқу жылында бірлестік мұғалімдерінің сағат жүктемелері төмендегідей болды

р/с	Мұғалімнің аты-жөні	Қай сыныпқа сабақ берді	Жалпы сағ. саны
1	Алданазарова Эльмира	7 «А,Г,Ғ», 5 «А,Г,Ғ», 3 «Ә,Е,Д»	24
2	Атемова Латипа	5 «Ә,Б,В,Д», 3 «А, Б,В,Г,Ғ», 2 «А»	24
3	Бинашева Мөлдір	4 «Д», 8 «Г,Ғ», 10 «А,Ә,Б,В», 2 «А,З»-ү.о. 3 «Ә,Б»-ү.о. 5 «Ғ»-ү.о.	26
4	Пошахаева Жанар	6 «А,Ә,В,Г,Д», 2 «Б,Г,Ғ», 6 «Ғ» ү.о. 8 «Ә»ү.о.	24
5	Мирзакулова Назира	6«Б,Ғ», 7 «В,Д», 4 «Ғ», 2 «Ә,Е,Д», 3«В,Г»ү.о, 4 «Д»,8 «Б»ү.о	24
6	Алдиева Гулмира	4 «Ә,Б,В,Г,Е», 8 «Б,Г», 9 «Ә,Б,Г» 6 «Г»ү.о	24
7	Бектурганова Күміс	4 «А» , 8 «Ә,А», 9 «А,В», 11 «А,Ә,Б», 5 «Б»ү.о, 6 «Е»ү.о, 9 «Б»ү.о	24
8	Медеуова Гулбиханим	6 «Ж,Е», 2 «В,Ж,И,З», 8 «В», 7 «Ә,Б»	23

2023-2024 оқу жылының тамыз айында орыс тілі бірлестігінің мұғалімдеріне сағат жүктемесі бөлініп берілді. Оқу бағдарламасы бойынша әр сыныпқа күнтізбелік жоспар жасалынып, бекітілді. Сабақтар жоспар бойынша жүргізілді.

Қазақ тілі,орыс тілі,ағылшын тілі бірлестіктері 04.09.2023ж. күнге «Тілдер мерекесіне» 1 айлық іс-шара өткізілді.

2023 жылдың 04.09-29.09 аралығында орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімдері арасында «Тілім менің - мақтанышым!» тақырыбындағы айлық бағдарламасы

№	Іс-шара тапсырмалары	Өткізілетін уақыты	Жауаптылар
1.	Классный час на тему: «Родной язык - душа народа»	13.09.2023	Мирзакулова Н. Медеуова Г.
2.	Круглый стол «Язык – душа нации»	15.09.2023	Бектурганова К. Алдиева Г. Бинашева М.
3.	Проведение конкурса сочинений «Язык – великое наследие для всех поколений»	19.09.2023	Алданазарова Э. Атемова Л.
4.	Классный час на тему: «Русский язык в умелых руках и в опытных устах — красив, певуч, выразителен, гибок, послушен, ловок и вместителен»	20.09.2023	Бектурганова К. Алдиева Г.
5.	Конкурс чтецов: «Могучий русский язык»	22.09.2023	Пошахаева Ж. Мирзакулова Н. Медеуова Г.
6.	Дебаты на тему: «Язык – основа общения» среди учащихся 8 класса	26.09.2023	Бинашева М. Бектурганова К. Алдиева Г.

Биылғы 2024 оқу жылының орыс тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік бірлестігінің апталығын ұйымдастыруда өзіндік ерекшеліктері болды.



Апталықтың негізгі мақсаттары:

-оқушылардың тілге деген құрметтерін арттыру, өзге ұлттардың мәдениетін және ерекшеліктерін біліп таныту, тілдің қоғамдағы атқаратын рөлін ұғындыру;

-оқушыларды орыс тілді жетік білуге тәрбиелеу және шығармашылық, ізденіс қабілеттерін дамыту;

пәнінің мұғалімдері Мирзакулова Назира, Медеуова Гулбиханым 6-сынып оқушылары арасында «Родной язык - душа народа» тақырыбында тәрбие сағаттарын өтті .



15-қыркүйек күні 8-9 сынып оқушылары арасында орыс тіл пәнінің мұғалімдері Бектурганова Күміс, Алдиева Гулмира мен Бинашева Мөлдір «Язык – душа нации» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды.



19-қыркүйек күні 7 сынып оқушылары арасында орыс тіл пәнінің мұғалімдері Алданазарова Эльмира мен Атемова Латипа «Язык – великое наследие для всех поколений» тақырыбында шығарма байқауын ұйымдастырды.

20-қыркүйек күні 9 сынып оқушылары арасында орыс тіл пәнінің мұғалімдері Бектурганова Күміс мен Алдиева Гулмира «Русский язык в умелых руках и в опытных устах – красив, певуч, выразителен, гибок, послушен, ловок и вместителен» тақырыбында сынып сағатын ұйымдастырды.

22-қыркүйек күні 6-7 сынып оқушылары арасында орыс тіл пәнінің мұғалімдері Пошахаева Жанар, Мирзакулова Назира мен Медеуова Гулбиханым «Могучий русский язык» тақырыбында оқу сайысын ұйымдастырды.

26-қыркүйек күні 8 сынып оқушылары арасында орыс тіл пәнінің мұғалімдері Бектурганова Күміс, Алдиева Гулмира мен Бинашева Мөлдір «Язык – основа общения» тақырыбында дебат ұйымдастырды.



Апталық соңы «Тілім менің -мақтанышым» атты әдеби-сазды кешпен қорытындыланып, іс-шараларға белсене қатысқан, жүлдегер атанған оқушылар марапатталды.

2023-2024 оқу жылында бірлестік мұғалімдерінің шығармашылық тақырыптары:

Мұғалімнің аты-жөні	Шығармашылық тақырып
Алданазарова Эльмира Уракбаевна	Использование игровой технологии на уроках русского языка
Атемова Латипа Турсуновна	Использование новой технологии на уроке русского языка
Бинашева Мөлдір Сапаралиевна	Место русского языка в современном мире
Пошахаева Жанар Алтынбековна	Мастер – класс «Инновационные технологии на уроках русского языка и литературы»
Мирзакулова Назира Даутовна	История падежей
Алдиева Гулмира Алписбекқызы	Развитие познавательной и творческой активности на уроках русского языка и литературы
Бектурганова Күміс Нұржанқызы	Развитие творческой активности на уроках русского языка и литературы

Медеуова Гулбиханим Кадирбекқызы	Слова паразиты в русском языке
-------------------------------------	--------------------------------

Бірлестік мұғалімдері оқу жылы барысында өз шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыс жүргізіп келді, сонымен қатар республикалық деңгейде журналдарға жариялады.

Біліктілікті арттыру

Педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары оқу жылы басында жасалынып, ҚББ-не білім арттыру және білім жетілдіру курстарынан өту туралы сұраныс берілді. Биылғы оқу жылында бірлестіктегі бірқатар мұғалімдер пән бойынша курстты оқып, сертификатталды. Олар: Н.Мирзакулова, Г.Медеуова, Л.Атемова, Ж.Пошахаева.

Пән апталығы

2023-2024 оқу жылында **“Берегите наш язык, наш прекрасный русский язык!”** атты тақырыпта **15.04.2024ж.-21.04.2024ж. күндері** аралығында орыс тілі пән апталығы өткізілді. Арнайы бұйрық шығарылып, жоспар жасалынды.

№	Атқарылатын жұмыс мазмұны	Жауапты мұғалім	Сыныбы	Мерзімі	Өтілеті н орны, кабинет
1	Апталықтың ашылуы «Берегите наш язык, наш прекрасный русский язык»	ӘБ жетекшісі Бірлестік мүшелері		16.04.2024 ж. Сағ: 13:00	АКТ зал
2	«Солнечный круг» ашық сабақ	Бектурганова Кумис	4 «А»	16.04.2024 ж.	204
	«Наши домашние животные» ашық сабақ	Пошахаева Жанар	2 «Б»	16.04.2024	204
3	«Планеты солнечной системы» ашық сабақ	Алдиева Гулмира	4 «Ә»	17.04.2024 ж	204
4	«Международный день земли» ашық сабақ	Медеуова Гулбиханим	6 «Ж»	18.04.2024 ж.	204
5	«Повторение пройденного материала» сайыс сабақ	Бинашева Молдір	10 «А,Ә,Б,В »	19.04.2024 ж.	204
6	«Международный день земли» ашық сабақ	Мирзакулова Назира	6 «Ғ»	19.04.2024 ж.	204
17	Апталықтың жабылуы «Актуальность русского языка в современном мире» дебат	Медеуова Гулбиханим	6-7 сыныпта р	19.02.2024 ж. Сағ:13:00	204

15-сәуір күні жоспарға сәйкес орыс тіл апталығының ашылу салтанаты акт залында оқушылардың орыс тілде концерттік бағдарламасы қойылымы болды.

Апталықтың мақсаты:

1. Оқушылардың орыс тілін мемлекеттік білім беру стандарты бойынша меңгергендігін бақылау, олардың ойлау қабілеті мен тілін дамыту;
2. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру және пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, оқушыларды орыс тілінде еркін сөйлеуге дағдылау, сөздік қорын молайту;
3. Ұжымдық еңбекке тәрбиелеу, өздігінен іздене білуге үйрету, өз ана тілі мен қатар орыс тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

Безендіру: Мектептің бірінші этаж фойесі, қабырғалары әр түрлі орысша ұрандардан, бағыттардан, қабырға бұрыштарынан жасақталынды: макеттермен, баннерлермен, “Берегите наш язык, наш прекрасный русский язык ”



15.04.2024ж. Аптаның алғашқы күні апталықтың ашылу салтанаты өтті. Апталықтың ашылу салтанатына 2-11 сынып оқушылары қатысып, концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Концерттік бағдарлама барысында оқушылар өлеңдер оқыды, ән айтты, флешмоб биін билеп, хор айтылды. Бағдарламаның соңында көрермендер арасында ойын ойнатылды.



16.04.2024ж.-26.04.2024ж. күндері аралығында пән мұғалімдері оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдана отырып және оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру мақсатында ашық сабақтарын өмірмен байланыстырып өткізді. Ашық сабақтарға ДҒӘІЖО Г.Дәулетова, ДОІЖО М.Исалиева, А.Адырбаева, А.Тұрлыбеков сонымен қатар мектеп

ұстаздары, орыс тілі бірлестігінің мұғалімдері ашық сабақтарға қатысып кері байланыс беріп отырды.



16.04.2024ж. күні пән мұғалімдері: К.Бектурганова «Солнечный круг» атты тақырыпта 4 «А» сыныбына және Ж.Пошахаева «Наши домашние животные» атты тақырыпта 2 «Б» сыныбына ашық сабақтарын өтті.

Күміс апай сабаққа жан-жақты дайындалған, көрнекіліктері мол және оларды тиімді пайдалана білді. Оқу мақсатымен сабақ мақсаттары келісілген. Сабақ барысында мұғалім топтық, жұптық және жеке тапсырмаларды да дайындаған. ЕББҚ оқушыға арнайы тапсырма әзірлеген. «wordwall» және «plickers» платформаларын тиімді қолданды. Оқушылар сабаққа белсенді қатысты және сабақ соңында сабаққа кері байланыстарын берді. Мұғалім жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін жақсы меңгерген, АКТ ны тиімді пайдалана біледі. Сабақ «жақсы» деп бағаланды.

Жанар апай сабаққа жан-жақты дайындалған, көрнекіліктері мол және оларды тиімді пайдалана білді. Оқу мақсатымен сабақ мақсаттары келісілген. Сабақ барысында мұғалім топтық, жұптық және жеке тапсырмаларды да дайындаған. Оқушыларды сергіту сәті де жақсы ұйымдастырылған. ЕББҚ оқушыға арнайы тапсырма әзірлеген. «Plickers» және «wordwall» платформаларын тиімді қолданды. Оқушылар сабаққа белсенді қатысты және сабақ соңында сабаққа кері байланыстарын берді. Мұғалім жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін жақсы меңгерген, АКТ ны тиімді пайдалана біледі. Сабақ «жақсы» деп бағаланды.

17.04.2024ж. күні пән мұғалімі Г.Алдиева «Планеты солнечной системы» атты 4 «Ә» сыныбына ашық сабағын өтті.

Гулмира апай 4 «Ә» сыныбында «Планеты солнечной системы» тақырыбындағы ашық сабақтың құрылымы өте жақсы. Оқу мақсатымен сабақ мақсаттары келісілген. Сабақ барысында мұғалім топтық, жұптық және жеке тапсырмаларды да дайындаған. ЕББҚ оқушыға арнайы тапсырма әзірлеген. Мұғалімнің ең алдымен топқа бөлуін платформада топтардың атын сабақ тақырыбына байланыстырып, жақсы ұйымдастырды. Үй тапсырмасын сұрау барысында «wordwall» платформасында сұрады. Жаңа сабақты түсіндірер алдын оқушыларды мотивацияландырды. Сондай ақ әр топқа жеке тапсырмаларды да дайындап әкелген, «wordwall, learningapps» платформаларындағы тапсырмаларды оқушылар қызығушылықпен орындады. Оқушылар сабаққа белсенді қатысты. Мұғалім жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін жақсы меңгерген оларды тиімді пайдалана біледі. Сабақ «өте жақсы» деп бағаланды.



18.04.2024ж. күні пән мұғалімі Г.Медеуова 6 «Ж» сыныбына «Международный день земли» атты тақырыбындағы ашық сабағын өтті. Мұғалімнің ең алдымен топқа бөлуінің тақырыпқа байланысты суреттерді екі топқа бөлді. Үй тапсырмасын сұрау барысында «wordwall», «plikkers» платформаларын қолданды. Жаңа сабақты түсіндірер алдында «eduplay» әдісін жаңа сөздерді меңгерту үшін тиімді қолданды. Сондай-ақ топтық, жұптық және жеке оқушыларға тапсырмаларды берді. Оқылым, жазылым, айтылым бойынша жұмыс жасады. Сабақ мақсаттары оқу мақсатымен келісілген. ЕББҚ оқушыға арнайы тапсырма берді. Оқушылар сабаққа белсенді қатысты. Мұғалім жаңа технологияның бірнеше әдіс-тәсілдерін сабақ барысында тиімді пайдалана білді. Сабақ «жақсы» деп бағаланды.



19.04.2024 ж. күні пән мұғалімі М.Бинашева 10 «А,Ә,Б,В» сыныптарына «Повторение пройденного материала» атты сайыс сабағын өтті. Сабақ мақсаттары оқу мақсатымен келісілген. Сабақ жақсы ұйымдастырылған. Сабақта қолданылған әдістер «word ladder», «kinder-matching» «жазушылардың фотосуреттері» тиімді болды. Сондай-ақ «wordwall» және «learningapps» платформаларындағы тапсырмаларды оқушылар қызығушылықпен орындады. Сабақ барысында видео көру, мәтінді тыңдау тиімді болды. Слайдтары мен көрнекіліктері талапқа сай, оларды тиімді пайдалана білді. Сабақта жеке бағалау парақшасына әр оқушыны өзіне бағалап отырды, кері байланыс жасалды. Жалпы сабақ «жақсы» деп бағаланды.



19.04.2024 ж. күні пән мұғалімі Н.Мирзакулова 6 «Ғ» сыныбына «Международный день земли» атты ашық сабағын өтті. Сабақ мақсаттары оқу мақсатымен келісілген. Сабақ жақсы ұйымдастырылған. Сабақта қолданылған әдістер «word ladder», «kinder-matching» «планета фотосуреттері» тиімді болды. Сондай-ақ «wordwall» және «learningapps» платформаларындағы тапсырмаларды оқушылар қызығушылықпен орындады. Сабақ барысында видео көру, мәтінді тыңдау тиімді болды. Слайдтары мен көрнекіліктері талапқа

сай, оларды тиімді пайдалана білді. Сабақта жеке бағалау парақшасына әр оқушыны өзіні бағалап отырды, кері байланыс жасалды. Жалпы сабақ «жақсы» деп бағаланды



19.04.2024 ж. күні апталықтың жабылу салтанатына пән мұғалімдері: Ж.Пошахаева мен Г.Медеуова «Актуальность русского языка в современном мире» атты 6-7 сыныптар арасында дебат сайысын өткізді. Дебатқа 7 «А», 7 «Г», 6 «А» сыныптары қатысты. Дебат өте қызықты әрі тартысты өтті. Дебат соңында жеңімпаздар анықталды. Қатысушыларға орындар беріліп, марапатталды.

Сонымен қатар апталық қорытындыланып апталықта белсенділікпен іс-шараларға қатысқан сыныптар және оқушылар аталып мақтау қағазымен марапатталды.



Апталық іс-шаралардың қорытындысы бойынша құжаттары жинақталып, ДӘІЖО Г.Т.Даулетоваға өткізілді .

Пән кабинеттерінің жұмысы

Орыс тілі пәні кабинеттерінің жұмысы талаптарға, қауіпсіздік техникасы ережелеріне сай ұйымдастырылған. №224, 226 кабинеттері жабдықталған және құжаттандырылған.

Алдағы оқу жылына қойған мақсат-міндеттеріміз

1. Бірлестік мұғалімдерін пән бойынша курстан өткізу;
2. Бірлестік мұғалімдерін пән олимпиадаларына қатыстыру;
3. Әр бір сабақта инновациялық технологияларды қолдану;
4. Апталықтар, семинар және конференцияларды өз деңгейінде өткізу;
5. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жандандыру;
6. Шығармашылық тақырыптар бойынша жұмыс жүргізу;

7. Оқушылармен кіші ғылыми жоба жұмыстарын жүргізу;
8. Тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына бірлестік мұғалімдерін қатыстыру;
9. Дарынды оқушыларды пән олимпиадаларына, конкурстарға қатыстыру